

«Талдысай орта мектебі» КММ

Қамқоршылық кеңесі

II- отырысының хаттамасы

Мерзімі: 11 наурыз 2022 жыл

Қатысқандар: 13 адам

Күн тәртібі:

1. Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және қорғау, қоғамдағы өмір сүруін қадағалау.

Жауапты: К. Жубанова мектеп директоры

2. Тамақтандыруды ұйымдастыру сапасына мониторинг жүргізу және бракераждық комиссияның жоспарға сәйкес жұмыстарын жүргізу.

Жауапты: Әлеуметтік педагог М. Нұраханова

3. «Наурыз- бірліктің, еңбектің, татулықтың, ізгіліктің мерекесі» атты наурыз мейрамына арналаған іс-шараға қатысу.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры К. Жубанова сөз алды. Сөз барысында мектебіміздегі аз қамтылған отбасынан оқушыларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және қорғау, қоғамдағы өмір сүруін қадағалау жайлы айтты. «Ата-анадан өсіп ұрпақ тараған, Жаксы жаман болса бала солардан» деп Жүсіп Баласағұн айтқандай ата-ананың бақыты баланың дұрыс адам болып өсуіне байланысты. Ал балалардың өздеріне бақыт сыйлайтын тұлға болып қалыптасуы, ата-аналар сіздерге байланысты. Сондықтан әрбір ата-ана өз бақытын өмірінің жалғасы баласынан іздеу керек. Біздің бірлесіп тәрбиелеп отырған ұл-қыздарымыз болашақта ата-анасының үмітін ақтар, елін сүйер саналы да білімді азамат болады деп сенемін. Әрбір отбасына күннің шуағындай шаттық, жылылығындай мейірімділік, береке, түсіністік пен сыйластық, үлкен бақыт тілеймін деп сөзін аяқтады.

Мектебіміздің әлеуметтік педагогі М. Нұраханова сөз алып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығымен бекітілген орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларына сәйкес және

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 76 бұйрығы негізінде тамақтандыруды ұйымдастыру сапасына мониторинг жүргізу және бракераждық комиссия жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілуде. Айына бір рет комиссия мүшелері жиналып, жоспарға сәйкес асхананың жай күйі тексерілді. Тексеру нәтижелері төмендегідей.

Асхана жұмысын «ІП Мерген» жүргізуде. Аспазшы Кайнназарова А.К. арнайы білімі бар. Аталған қызметкердің уақытылы медициналық тексерістен өтіп, 2021 жылға жұмысқа рұқсаттамалары бар. Мектебімізде 49 оқушы тамақтанады. Оқушылар екі ауысымда оқиды. I-ауысымда бала 31, II-ауысымда 18 бала ыстық тамақпен тамақтанады. Тамақтану кезінде мұғалімдер арасында кезекшілік

ұйымдастырылған. Сыныптар бойынша тамақтану кестесі мен тамақтану арасындағы аралық сақталған. Оқушылар уақытылы тамақтанады, асхана бұрышында тамақтану уақыты ілінген. Оқушылардың тамақтану алдындағы гигиеналық талаптардың орындалуы қадағаланады.

Ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиенасына қойылатын талаптар сақталған. Қол жуу үшін оларға ыстық және суық су келтірілген раковиналар, қол жууға кептіруге арналған құралдар орнатылған. Ас блогының қызметкерлері арнайы кимдері (халат, бас киім, екінші аяқ киім) бар. Жинау сүрту шүберектері арнайы ыдыста сақталған, таңбаланған. Пайдаланатын ыдыста қолданылуына сәйкес таңбаланған және жарық, сынықтары жоқ. Асхана ыдыстар қоры жеткілікті. Жарылған, сынан ыдыстар жоқ. Эмалі зақымданған табақтар жоқ. Қойма бөлмелері және тоңазытқыш, мұздатқыш камераларымен, стелаждармен жабдықталған. Тамақ өнімдері стелаждарда, арнайы ауызы жабық ыдыстарда сақталған. Температуралық режиім сақталған. Оқушылардың тамақтану алдындағы гигиеналық талаптардың орындалуы қадағаланады. Тамақтанатын столдар сүртілген, ыдыстар таза, талғамға сай жабдықталған. Азық – түліктің сақталуы талапқа сай. Тоңазытқыш, складтағы сақталған шикізат нормаға сай. Дезенфекциялық ереже сақталуда. Асхана күнделікті тазаланады. Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 76 бұйрығында көрсетілген тыйым салынған өнімдер қатаң сақталған. Мектеп асханасында тыйым салынған өнімдер тізімі ілінген. Тыйым салынған өнімдерді тамғам өнімдеріне қосуға және сатуға қатаң тексеріледі және жол берілмейді. Тамақтануды ұйымдастыру өз деңгейінде жүргізілуде деп сөзін аяқтады.

Кеңес мүшесі А.Умиржанов: «Наурыз – думан» наурыз мейрамына байланысты іс-шаралар өткізуімізге атсалысу керекпіз. Соған орай демеушілікпен айналысып аз қамтылған және әлеуметтік қорғалмаған отбасы балаларын мерекені ойдағыдай қарсы алуына жағдай жасауымыз керек.

Кеңес мүшесі Ш.Избасарова: Оқушыларымыздың салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында мектеп демалыс кезеңінде мектеп оқушылары арасында спорттық сайыстар өткізіп, өткізілген шараларда демеушілік көрсетуге шақырамын.



Кеңес мүшесі А.Умиржанов: «Наурыз – думан» наурыз мейрамына байланысты іс-шаралар өткізуімізге атсалысу керекпіз. Соған орай демеушілікпен айналысып аз қамтылған және әлеуметтік қорғалмаған отбасы балаларын мерекені ойдағыдай қарсы алуына жағдай жасауымыз керек.

Кеңес мүшесі Ш.Избасарова: Оқушыларымыздың салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында мектеп демалыс кезеңінде мектеп оқушылары арасында спорттық сайыстар өткізіп, өткізілген шараларда демеушілік көрсетуге шақырамын.

Қаулы:

- Аз қамтамасыз етілген, әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларға мейіріммен қарап тәрбиелейік.
- Тамақтандыруды ұйымдастыру сапасына мониторинг жүргізу және бракераждық комиссия өз жұмысы жоспарға сәйкес жүргізілсін.
- «Наурыз- бірліктің, еңбектің, татулықтың, ізгіліктің мерекесі» атты наурыз мейрамына іс-шаралар ұйымдастыруна демеушілік көрсетілсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:
Мүшелері:

 Ж.А.Жумалиева
 А.У.Умиржанов
 Д.К.Алмагамбетов
 У.А.Абдрахимова
 С.Хажай
 С.А.Алтынбеков
 А.Х.Будусова
 Ш.Х.Избасарова
 Н.К.Ульянов
 А.Н.Куккузова

Қамқоршылық кеңес хатшысы:

«Қамқоршылық кеңесінің» №2 отырысына
шақыру

Құрметті-----

11 наурыз күні мектебімізде Қамқоршылық кеңесінің №2 хаттамасы негізінде өтеді.

Күн тәртібінде:

1. Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және қорғау, қоғамдағы өмір сүруін қадағалау.
3. Тамақтандыруды ұйымдастыру сапасына мониторинг жүргізу және бракераждық комиссияның жоспарға сәйкес жұмыстарын жүргізу
3. «Наурыз- бірліктің, еңбектің, татулықтың, ізгіліктің мерекесі» атты наурыз мейрамына арналаған іс-шараға қатысу.

Сізді ,қамқоршылық кеңесінің мүшесі ретінде, қамқоршылық кеңесінің отырысына шақырамыз.

Өткізілетін мерзімі: 11.03. 2022.ж

Өткізілетін жері: Талдысай ОМ, акт залы